

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРКАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета
Хаттама / Протокол № 10 «19» 02 2024 ж. / г.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6B01510 – «Химия және биология» / «Химия и биология»

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті

6B01510 – Химия және биология білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Кемелбаева А.К. – химия және биология білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушысы

Амиров М.С. – химия және биология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Ахатова С.Ж. – химия және биология білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр

Бақытова Д. – химия және биология мамандығының 4 курс студенті

Сарапшылар:

Абдибекова Ж.Т. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Ы.Алтынсарин атындағы гимназия, педагог-зерттеуші

Кемпирова А.С. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі, педагог-зерттеуші

Білім беру бағдарламасы отырысында ұсынылды

Хаттама № 6 « 03 » 01 20 24 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі




Кемелбаева А.К.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 10 » 01 20 24 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы




Ескермесұлы Ә.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама № 6 « 07 » 02 20 24 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы: Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: Бакалавр

Несиелердің жалпы көлемі: 240 академиялық несие / 240 ECTS

Оқу мерзімі - 4 жыл

1.1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жоғары білімнің 6B01510 - Химия-биология білім беру бағдарламасы ББ типтік оқу жоспары, жоғарғы білім мамандықтарының жіктеуіші (бакалавриат), педагогтың кәсіби стандарты, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторына сәйкес құрастырылған.

Білім беру бағдарламасына оқуға қабылдау талаптары Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерімен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсуші талапкер Ұлттық бірінғай тест (ҰБТ) тапсырады.

Білім алуын жалғастыру мүмкіндігі - 7M015-«Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» бағытындағы магистратура.

Берілетін дәреже - 6B01510 ББ бойынша «Химия-биология» білім бакалавры.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты:

6B01510-Химия-Биология бакалаврларын дайындау бойынша білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: кәсіби білікті химия және биология мұғалімдерін даярлау.

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеті:

- химиялық және биологиялық ғылымдар саласы бойынша кәсіби қызметте қажетті іргелі білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру;
- химия-биологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түсінуге құзыретті, кәсіби білікті және жеке жетістіктерге қабілетті мұғалімдерді даярлау;
- инновациялық педагогикалық идеяларды тарататын болашақ химия және биология мұғалімдерін тәрбиелеу.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы:

6B01510-Химия-биология ББ бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері:

- меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түріне тәуелсіз барлық типтегі орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдіс;
- техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үрдіс.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеу;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

ББ-ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

- ОН1 Химия мен биология бойынша теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды кәсіби ортада таратады
- ОН2 Оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруда зертханалық құрал-жабдықтар, қондырғылар, материалдармен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын көрсетеді, академиялық сауатты эксперименттік және есептік мәліметтерді бағалайды
- ОН3 Заманауи оқыту әдістері, критериалды бағалау технологиялары негізінде тиімді оқыту мен оқуды тәжірибеде қолданады, оқу-бағдарламалық құжаттарды ажыратады, педагогикалық іс-әрекетке рефлексиялық талдау жүргізеді, кәсіби ортада қарым-қатынасты педагогикалық сауатты жүзеге асырады
- ОН4 Оқыту мен оқу процесінде, табиғи процестерді модельдеуде цифрлық технологиялар мен дидактикалық құралдар (оның ішінде АКТ) саласындағы жаңа жетістіктерді белсенді интерпретациялайды
- ОН5 Академиялық және кәсіби мақсаттар үшін білім беру ортасындағы тілдерді қолданады, жазбаша және ауызша тілдік қарым-қатынасты басқарады
- ОН6 Білім беру және тәрбиелеу үрдісіне психологиялық-педагогикалық талдау жасайды, ұлттық идеялар мен мұралар негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады
- ОН7 Жас ерекшеліктеріне сәйкес салауатты, қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырады, адамның қоршаған ортамен өзара әрекетін экологиялық тұрғыдан сауатты бағалайды
- ОН8 Ғылыми-зерттеу жұмысын сауатты жүргізеді, білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру үшін зерттеушілік дағдыларды дамыту жолдарын анықтайды
- ОН9 Кәсіби өсу мен өзін-өзі дамыту үшін білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, адал азамат құндылықтарын, экологиялық мәдениет және кәсіпкерлік негіздерін біледі;

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

Модуль атауы	Несие саны	Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе)	Оқу нәтижелері
Қоғамдық пәндер модулі	56	Қазақстан тарихы	
		Философия	
		Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
		Дене шынықтыру	
		Экологиялық мәдениет	ОН7
		Адал азамат құндылықтары	ОН9
		Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН9
		Орыс тілі	
		Шет тілі	
Педагогтың кәсіби даярлығы модулі	19	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	ОН7
		Педагогика	ОН6
		Білім берудегі психология	ОН6
		Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН6
		Оқу-танысу тәжірибесі	ОН6, ОН7
		Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН6, ОН7
Фундаменталды даярлық модулі	62	Бейорганикалық химия 1	ОН1, ОН2
		Бейорганикалық химия 2	ОН1, ОН2
		Өсімдіктер және жануарлар биологиясы	ОН1, ОН2, ОН8
		Аналитикалық химия	ОН1, ОН2
		Органикалық химия және биохимия	ОН1, ОН2
		Оттекті органикалық қосылыстар	ОН1, ОН2
		Химиядан есептер шығару практикумы	ОН1
		Химиядан экспериментальды есеп шығару практикумы	ОН2
		Адам анатомиясы және физиология негіздері	ОН1, ОН2, ОН5, ОН8
		Химиялық технология	ОН1, ОН2
		Оқу тәжірибесі (Өсімдіктер және жануарлар биологиясы)	ОН2, ОН8
		Оқу тәжірибе (Химиялық технология)	ОН2, ОН8

Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі	47	Инклюзивті білім беру	ОН6
		Химия және биологияны оқыту әдістемесі	ОН3
		Білім берудегі жаңа технологиялар	ОН3
		Педагогикалық шеберлік	ОН3
		Химия және биологияны оқытудағы кибер-технологиялар	ОН4
		Педагогикалық тәжірибе	ОН3, ОН6, ОН7
		Өндірістік тәжірибе	ОН1, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7
Қолданбалы химия және биология модулі	30	Молекулалық биология және генетика	ОН1, ОН2, ОН5
		Биомолекулярлық механизмдер	ОН1, ОН2, ОН8
		Физикалық және коллоидтық химия	ОН1, ОН2
		Химиялық процестердің жүру заңдылықтары	ОН1, ОН2
		Биофизика және биоинформатика оқыту әдістемесі	ОН1, ОН2, ОН4
		Биомеханика және компьютерлік биология	ОН1, ОН2, ОН4, ОН5
		Эволюциялық ілім	ОН1, ОН5
		Биогеография	ОН1
		Микробиология және биотехнология	ОН1, ОН2
		Гендік инженерия және биотехнология	ОН1, ОН2, ОН5
		Компьютерлік химия	ОН4
Химия және биологиядағы зерттеу модулі	18	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және академиялық жазылым	ОН2, ОН8
		Мектепте химиялық экспериментті жүргізу әдістемесі	ОН2
		Мектепте экологиялық мониторинг ұйымдастырудың методологиялық негіздері	ОН7
		Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі	ОН2, ОН8
		Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі	ОН2, ОН8
		Диплом алды тәжірибе	ОН1-ОН9
Қорытынды аттестаттау модулі	8	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН1-ОН9

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы
«6B01510-Химия-Биология»**

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит саны	Семестер	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1.	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғандың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады.	5	4	Педагогика	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
2.	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық құқықтық мәдениетке тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады.				
3.	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер оңтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін меңгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.				

Базалық пәндер циклі
ЖОО компоненті

1.	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Курс салауатты, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында мектеп жасындағы оқушылардың өсуі мен дамуының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Студенттер балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық және гигиеналық ерекшеліктерін, сонымен қатар физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерге жауап беру ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар, курсты оқу барысында студенттер мүшелердің, мүшелер жүйесінің, жалпы организмнің сыртқы ортамен байланысты қызметінің ерекшеліктерін салыстырады. Осыған байланысты студенттер оқу процесін ұтымды етуге, арудың алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған оқушының үйлесімді дамуы мен функционалдық мүмкіндіктерін арттыру әдістерін қолданады.	3	2	Мектеп курсы	Педагогика
2.	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Курс студенттерге болашақ мұғалім ретіндегі рөлін қайта қарауға мүмкіндік береді және жалпы педагогикалық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.	5	3	Оқу-танысу тәжірибесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
3.	Білім берудегі психология	Курс білім беру қызметінің психологиясы саласында теориялық білімдерді қалыптастыруға және практикалық біліктерді игеруге бағытталған. Пән мектепке дейінгі және мектеп жасындағы білім алушылардың ойын және оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық қызметін ашады. Осы курс аясында мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде оқу кезеңінде әр түрлі жас кезеңдерінде баланың дамуының заңдылықтары мен психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылады.	3	3	Оқу-танысу тәжірибесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4.	Тәрбие жұмысының теориясы мен	Бұл курс болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының міндетті компоненті болып табылады. Бұл пәнді игеру студенттерге	4	5	Білім берудегі психология	Педагогикалық тәжірибе

	әдістемесі	«Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» ұлттық идеясына сәйкес мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын жүргізуге, жоспарлар мен конспекттер жасауға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді. Курс студенттерге заманауи мектепте сынып жетекшісінің қызметін қайта қарауға мүмкіндік береді.				
5.	Оқу-танысу тәжірибесі	Оқушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Күнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастырушы және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттындағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау).	2	2	Мектеп курсы	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
6.	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және оқушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды.	2	4	Білім берудегі психология	Педагогикалық тәжірибе
7.	Бейорганикалық химия 1	Курс бейорганикалық химияның теориялық білімдер жүйесін қарастырады. Студенттер бейорганикалық қосылыстар негізгі кластарының химиялық қасиеттерін талдайды, ерітінділердің мольдік массасын және концентрацияларын, химиялық реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды, тұздар гидролизі мен сутектік көрсеткіздерді зертханалық анықтауда құрылғылар, ыдыстар, реактивтер, жабдықтармен жұмыс жасау дағдыларын көрсетеді. Сонымен қатар, курс барысында периодтық жүйе негізінде элементтер мен олардың қосылыстарының қасиеттерін дәл сипаттайды, тотығу-тотықсыздану реакцияларын жүйелі талдайды және есептер шығарады.	5	1	Мектеп курсы	Бейорганикалық химия 2

8.	Бейорганикалық химия 2	Периодтық жүйе негізінде элементтер мен олардың қосылыстарының қасиеттеріне жалпы шолу. Атомдардың қасиеттеріндегі өзгерістердің арасындағы өзара байланыс, кіші топтардағы, топтардағы және кезеңдердегі элементтердің химиялық қасиеттері. s, p, d- сипаттамаларына шолу; және f-элементтері. Химия мен өмір мен өндіріс арасындағы байланыс негізінде ғылыми көзқарас қалыптасады.	5	2	Бейорганикалық химия 1	Аналитикалық химия
9.	Өсімдіктер және жануарлар биологиясы	Ұсынылған курс өсімдіктер мен жануарлардың құрылысы, дамуының ерекшеліктерін және систематикасын зерделеуді қарастырады. Микроскоптың көмегімен ағзалардың анатомиялық және морфологиялық құрылымын зерттеудің тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады. Студенттер өсімдіктер мен жануарлардың мүшелер құрылымының атқаратын қызметіне тәуелділігін, тәжірибелік және ғылыми-зерттеу қызметінде ботаникалық және зоологиялық әдістерді қолдана отырып өсімдіктер мен жануарлардың даму процестері мен тіршілік циклінің сипаттамаларын талдайды, биоценоздар мен экологиялық топтар арасындағы табиғи ортадағы өсімдіктер мен жануарлардың рөлін анықтайды.	12	3,4	Адам анатомиясы және физиология негіздері	Микробиология және биотехнология
10.	Аналитикалық химия	Бұл курста аналитикалық химияның сандық және сапалық әдістері талқыланады. Курс барысында студенттерде заттардың құрамын және қасиеттерін анықтаудың негізгі әдістері бойынша практикалық дағдылар қалыптасады. Сонымен қатар, аналитикалық әдістерінің классификациясы мен реакциялардың жіктелуін және сезімталдығын сипаттайды. Сандық талдау әдістері мен гравиметриялық және титриметриялық талдау әдістерін, ионометрия және спектроскопиялық әдістерін сандық талдау әдістерінде жүйелі қолданады. Гравиметриялық (салмақтық) анализдің және көлемдік анализдің теориялық негіздерімен танысып қышқылдық-негіздік титрлеу әдістеріне зертханалық жұмыстар жасайды.	6	4	Бейорганикалық химия 1	Химиялық технология
11.	Адам анатомиясы және физиология негіздері	Курс адам анатомиясы мен тірі организмдердің тіршілік әрекетінің физиологиялық механизмдерін орыс (қазақ тілінде оқитын топтар) немесе қазақ (орыс тілінде оқитын топтар) тілдерінде меңгеруге бағытталған. Студенттер адам ағзасының мүшелер жүйесінің	5	1	Мектеп курсы	Өсімдіктер және жануарлар биологиясы

		құрылымын сипаттайды, жеке мүшелердің құрылымы, олардың функцияларын орындау арасындағы байланысты талқылайды, ішкі ортаның тұрақтылығын сақтау механизмдерін, нейрогуморальды реттеуді, тірі организмдердің анаэробты және аэробты тыныс алу, заттардың тасымалдану, бөліп шығару мен қоректену процестерін салыстырады. Курстың практикалық бағыты центрифугалау, микроскопия және т.б. әдістерді пайдалана отырып, сыртқы және ішкі факторлардың ағзалардың тіршілік процестеріне әсерін зерттеуде зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар студенттер эксперименттік және есептелген зерттеу нәтижелерін сауатты түрде көрсетеді.				
12.	Химиялық технология	Пән химиялық технологияның маңызы мен өндірістерінің ерекшелігін сипаттауға бағытталған. Курста студенттер химиялық технологиялық процестерді сипаттайды, материалдық және энергетикалық баланстарды құрастырудың қағидалары мен әдістерін химиялық процестерді жүргізуде тиімді пайдаланады. Сонымен қатар, негізгі химиялық өндірістердің, су және энергетикалық ресурстарды жіктейді, минералды тыңайтқыштар өндірісіне жүйелі сипаттама береді. Курс барысында студенттердің зертханалық құрылғылармен, ыдыстармен, реактивтермен, жабдықтармен жұмыс жасаудың практикалық дағдылары қалыптасады.	5	8	Аналитикалық химия	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
13.	Оқу тәжірибесі (Өсімдіктер және жануарлар биологиясы)	Тәжірибеден өту барысында студенттер алған теориялық білімдерін бекітуге, биологқа қажетті практикалық дағдыларды тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік алады. Тәжірибе арқылы студенттер өсімдіктерді жинау және гербарий дайындау, далалық материалдарды алу және жүйелі түрде талдау, камералды өңдеу, әр түрлі топтағы өсімдіктер мен жануарларды анықтау және сипаттаудың практикалық дағдылары мен икемділіктері қалыптасады. Өсімдіктер мен жануарлардың биотоптарын зерттеу сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік мен жануарлар түрлерін қорғау бойынша ұсыныстар жасауға ықпал етеді.	2	4	Өсімдіктер және жануарлар биологиясы	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және академиялық жазылым
14.	Оқу тәжірибе (Химиялық	Оқу тәжірибесінде студенттер аймақтың химия өнеркәсібінің түрлерімен, оның құрылымымен танысады. Сонымен қатар, судың	1	8	Химиялық технология	Дипломдық жұмысты

	технология)	қасиеттері мен ластану көздерін зерттейді. Ағынды сулардың құрамын анықтайды. Мұнай және табиғи түгін газдарының құрамы мен қасиеттерін сипаттайды. Мұнайды өңдеу мен мұнайды бұрку әдістерімен танысады. Қоршаған ортаға ластаушы газдардың әсері мен топырақ құрамын анықтайды. Газ қалдықтарын жою әдістерін зерттейді.				(жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
15.	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және академиялық жазылым	Ұсынылып отырған курс студенттердің зерттеу құзіреттілігі мен академиялық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Курс студенттерге сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып, ғылыми зерттеулерді, оның ішінде білім беру саласындағы зерттеулерді сауатты жүргізуге, ғылыми зерттеу этикасына сәйкес жоба жазуға мүмкіндік береді. Мәліметтерді өңдеу мен талдауды жүзеге асырудың практикалық дағдылары студенттерге зерттеу нәтижелерін әртүрлі академиялық формада (мақала, тезис, эссе және т.б.) ұсыну үшін пайдалы. Сонымен қатар, студенттерге іс-әрекеттегі зерттеулер мен жағдайлық зерттеулерді қисынды жүргізуге көмектеседі.	5	5	Педагогика	Химия және биологияны оқытудағы кибер-технологиялар
16.	Диплом алды тәжірибе	Диплом алды тәжірибе педагогика саласында жоғары білікті мамандарды даярлаудағы соңғы кезеңдердің бірі және оқу жоспарының маңызды құраушысы болып табылады. Сонымен қатар диплом алды тәжірибенің маңыздылығы тәжірибеден өту барысында студенттердің диплом жұмысын жазу үшін қажетті материалдарды жинауды іске асыруымен сипатталады. Диплом алды тәжірибенің мазмұны диплом жұмысының (жоба) тақырыбымен анықталады.	2	8	Өндірістік тәжірибе	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті						
1.	Органикалық химия және биохимия	Бұл курс органикалық қосылыстарды, олардың құрылысы, синтездеу әдістері мен өзара түрлену заңдылықтарын және тірі организмдердің химиялық құрамын, сонымен қатар олардың тіршілігінің негізінде жатқан химиялық процестерді зерттеуге бағытталған. Студенттер органикалық қосылыстардың құрылысына байланысты реакциялық қабілеттерін және қасиеттерін зертханалық жұмыстар нәтижесі бойынша академиялық сауатты сипаттайды, органикалық заттардың формулаларын құрастырады және интерпретациялайды. Сонымен	10	4,5	Бейорганикалық химия I	Химиялық технология

		қатар, студенттер зертханалық құрал-жабдықтар, қондырғылар, материалдармен жұмыс жасау дағдыларын көрсете отырып, тірі организмдегі зат алмасуды және жасуша органеллаларының биохимиялық қызметін қисынды түрде сипаттайды, қоректік заттардың өзгеру (трансформация) жолдарын анықтайды.				
	Оттекті органикалық қосылыстар	Бұл курста оттекті органикалық қосылыстардың құрамы мен қасиеттеріне шолу жасалады. Курс студенттерге органикалық қосылыс құрамын сипаттайтын функционалды топтарды ажыратуға, гомологты қатарды дұрыс сипаттауға, оларды халықаралық және рационалдық номенклатура жүйесіне сәйкес анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ароматты қосылыстар, спирттер, альдегидтер, кетондар, қышқылдар және циклді қосылыстарды алынуы мен химиялық қасиеттерін физика-химиялық әдістермен талдайды.				
2.	Химиядан есептер шығару практикумы	Бұл курста студенттер химияның теориялық білімдер жүйесін есептік және тәжірибелік есептерді шешуде жүйелі қолданады. Курста студенттер күрделі химиялық есептерді шығаруға дағдыланады және есептерді шығару принциптері мен әдістері негізінде типтік есептерді сауатты талдайды. Сонымен қатар, студенттер химияның негізгі заңдары, атом құрылысы, химиялық байланыс, ерітінділер және басқа да тақырыптар бойынша есептер шығарады. Курс студенттердің логикалық ойлауын дамытуға, химиялық құбылыстар мен заңдылықтардың практикалық маңызын арттыруға бағытталған.	11	3,4	Бейорганикалық химия 1	Химиялық технология
	Химиядан экспериментальды есептер шығару практикумы	Бұл курс аясында студенттер химиядан эксперименттік есептерді қоюдың принциптері мен әдістерін меңгереді. Студенттер эксперименттік тапсырманы орындау барысында зертханалық құрылғылармен, шыны ыдыстармен, реактивтермен, жабдықтармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын көрсетеді. Курс химиядан эксперименттік есептерді шешудің жалпы әдістерін, бейорганикалық және органикалық қосылыстарды тану үшін эксперименттік есептерді шығару әдістерін, эксперименттік типтік есептерді шешуді, химиядан эксперименттік есептерді шешудің механизмі мен құрылымын, тәжірибелік және есептік мәліметтерді өңдеу және ұсынуды қарастырады.				

3.	Молекулалық биология және генетика	<p>Курс тұқым қуалау ақпаратын сақтау, жүзеге асыру және берудің молекулалық механизмдері, заманауи молекулалық-генетикалық әдістермен танысу мәселелерін қарастырады. Студенттер ағылшын тілінде хромосомалардың құрылысы мен қызметі туралы, генетикалық кодтың қасиеттері туралы заманауи идеяларды сыни тұрғыдан салыстырады, тірі организмдердің геномын бағалайды, ГМ және трансгенді организмдердің қолданылуын логикалық түрде талқылайды. Курс барысында генетикалық есептерді шешу, зертханалық аспаптармен, құрылғылармен, материалдармен, эксперименттік мәліметтермен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Студенттер биополимер молекулаларын модельдейді, биоматериалдардан нуклеин қышқылдарын бөліп алады, гельдік электрофорез көмегімен органикалық заттардың молекулалық массасын анықтайды, ПТР әдісімен патогенді микроорганизмдерді анықтайды.</p>	5	6	Өсімдіктер және жануарлар биологиясы	Микробиология және биотехнология
	Биомолекулярлық механизмдер	<p>Ұсынылып отырған пән тұқым қуалау ақпараттының жүзеге асырылуының биомолекулярлық механизмдерін, сонымен қатар жасушалардың құрылымы мен қызметтерінің молекулалық негіздерін, өсу, даму, бөліну, ісіктің трансформациясы және жасуша өлімін зерттеуді қамтиды. Курсты меңгеру жасушаның құрылымы мен қызметінің молекулалық негіздерін, қалыпты тіршілік процестерін және көптеген аурулардың пайда болуына әкелетін түсінуге қажетті гендердің экспрессиясын талдауға негіз жасайды. Молекулярлық-генетикалық әдістерді (гельдік электрофорез, ПТР) қолдану дағдылары ғылыми зерттеулерді сауатты жүргізу үшін пайдалы болады.</p>				
4.	Физикалық және коллоидтық химия	<p>Курста молекулалық-кинетикалық теория әдістері мен термодинамика негіздеріне шолу жасалады. Студенттер термодинамикалық жүйелердегі химиялық тепе-теңдік пен денелердің энергетикалық күй заңдылықтарын анықтайды. Курс заттардың агрегаттық күйлері, химиялық термодинамика, энтропия, термодинамиканың заңдары, химиялық және фазалық тепе-теңдік, ерітінділер, Рауль заңы, электрохимия негіздері, химиялық кинетика және катализ сияқты тақырыптарды қамтиды. Курс барысында</p>	5	6	Бейорганикалық химия 1	Химиялық технология

		калориметрлік өлшеу, еру жылуын, бейтараптану энтальпиясы және кристаллогидраттану жылуын анықтау, ерітіндідегі гомогенді химиялық реакциялардың тепе-теңдігін зерттеу сияқты зертханалық жұмыстар жүргізу студенттердің практикалық дағдыларын дамытады.				
	Химиялық процестердің жүру заңдылықтары	Курс химиялық реакцияның жүру шарттарын, энергетикасын және тепе-теңдігін тереңдетіп оқуға мүмкіндік береді. Студенттер химиялық реакциялардың кинетикалық және термодинамикалық аспектілерін энтальпия және Гиббстің бос энергиясы, энтропия ұғымдары арқылы талдайды. Сонымен қатар, студенттер химиялық реакцияның жылдамдығына және тепе-теңдігіне концентрация, температура, қысымның әсерін тәжірибе жүзінде зерделейді, катализаторлардың әсер ету механизмін сипаттайды, термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру бағытын болжайды. Курс барысында студенттер әрекеттесуші массалар заңын, Вант-Гофф ережесін қолданып реакциялардың орташа жылдамдығына, тепе-теңдік константасына есептеулер жүргізеді, химиялық реакция үшін тепе-теңдік константасын сауатты жазады.				
5.	Биофизика және биоинформатиканы оқыту әдістемесі	Курста биологияның физика және информатикамен пәнаралық интеграциясы қарастырылады. Курс барысында студенттер биомеханикалық процестерді сыни тұрғыдан робототехникада қолданады, электрокардиограмма көмегімен жүректің автоматиясын, бұлшықет ұлпасының жұмысын (электрофизиология) зерттеудің физикалық негіздерін талдайды. Пән микроорганизмдердің өсу кинетикасын, биологиялық жүйелердің термодинамикасын бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар студенттер цифрлық технологиялар мен дидактиканы қолдану бойынша тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады.	5	8	Адам анатомиясы және физиология негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Биомеханика және компьютерлік биология	Ұсынылатын курс ағылшын тілінде адам ағзасындағы биомеханикалық құбылыстарды зерттеуді және биологияда компьютерлік бағдарламалауды қолдануды қамтиды. Студенттер биологиялық құбылыстардың мәнін ашу үшін клиникалық (протездеу және т.б.) және инженерлік биомеханиканың (экзоскелет,				

		робототехника және т.б.) маңыздылығын, спорттық биомеханиканың міндеттері мен мазмұнын, теориялық және компьютерлік биомеханиканың, және құрылымдық биоинформатиканың принциптерін бағалайды. Курс қозғалыс биомеханикасы, жүректің электрофизиологиясы сияқты биологиялық процестерді модельдеу және ДНҚ дерекқорларын құру бойынша практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.				
6.	Эволюциялық ілім	Берілген курс эволюциялық теория туралы заманауи идеяларды орыс (қазақ тілінде оқитын топтар) немесе қазақ (орыс тілінде оқитын топтар) тілдерінде меңгеруді қамтиды. Курс барысында студенттер организмдер эволюциясының себептері мен қозғаушы күштерін сыни тұрғыдан бағалайды және организмдердің тіршілік ету жағдайына бейімделу механизмдерін сипаттайды. Сонымен бірге, студенттер эволюциялық прогреске, тіршілік иелері ұйымдасуының күрделенуіне және жетілуіне әкелетін факторларды қисынды түрде ашады, филогенетикалық карталар жасайды және тірі организмдерді жіктеуге көмектесетін әртүрлі тәсілдерді салыстырады, Жерде тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін сипаттайды.	5	8	Адам анатомиясы және физиология негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Биогеография	Курс аясында студенттер қауымдастықтар құрылымының және жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар аймақтарының кеңістіктік құрылымы мен динамикасының маңызды заңдылықтарын зерттейді. Студенттер өсімдіктер мен жануарлар топтарын жүйелейді, тірі организмдердің географиялық таралуы мен экологиялық маңыздылығын сыни бағалайды және оларды сипаттайды. Курс студенттерде зоогеографиялық және фитогеографиялық аудандастыру бойынша өз бетінше жұмыстар жүргізу үшін қажетті практикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.				
8	Микробиология және биотехнология	Курс биотехнологиялық процесстермен танысуға, биотехнологияның даму болашағы туралы түсінік қалыптастыруға арналған. Студенттер заманауи молекулалық-генетикалық әдістерді қолдана отырып, микроорганизмдердің морфо-физиологиясын, биохимиясын, генетикасын салыстырады, тірі организмдердің биотехнологиялық өндірістерде қолданылуын қисынды бағалайды. Тірі организмдерді клондау, микрклоналды көбеюге тәжірибе жүргізу, тірі	5	8	Өсімдіктер және жануарлар биологиясы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

		организмдердің жасушалық препараттарын микроскопиялық зерттеу бойынша тәжірибелік дағдылары зерттеу жүргізу үшін пайдалы болады. Курс студенттерге микробтық дақылдардың өсу және даму параметрлерін жүйелі тексеруге, дақылдық және морфологиялық белгілері бойынша микроорганизмдерді дұрыс анықтауға көмектеседі.				
	Гендік инженерия және биотехнология	Курс биологиялық жүйелерді қолдана отырып, әртүрлі заттарды өндірудің технологиялық процестері туралы түсінікті ағылшын тілінде қалыптастыруға бағытталған. Студенттер биотехнологиялық өндіріс теориясы мен технологиясының, гендік инженерияның қазіргі мәселелерін талдайды, әртүрлі организмдер геномдарының құрылымдық-функционалды ұйымдастырылуын сипаттайды, гендік инженерия жүйесінің әдістері мен микробиологиялық тәсілдерді қолданады. Сонымен қатар, студенттер тірі организмдерді өсіруді зертханалық талаптарға сәйкес жүзеге асырады.				
Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті						
1.	Инклюзивті білім беру	Бұл курс қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклюзия» ұғымын ажырата алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті білім беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді.	5	5	Педагогика	Педагогикалық тәжірибе
2.	Химия және биологияны оқыту әдістемесі	Химиялық-биологиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттері. Мектеп биология және химия курсы мазмұнының құрылымдық қағидалары. Оқу бағдарламалары: ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау. Оқытудың заманауи әдістері, қағидалары. Блум таксономиясы. Заманауи сабақ құрылымы. ҚМЖ. Білім сапасын бағалау және бақылау. Блум таксономиясы негізінде ТЖБ және БЖБ тапсырмаларын құрастыру. Сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар.	6	5	Педагогика	Педагогикалық тәжірибе
3.	Білім берудегі жаңа технологиялар	Ұсынылып отырған курс орта білім беру мазмұнын жаңарту қағидаттарын, оқыту мен оқудың тиімді әдістерін және критериалды бағалау технологияларын қамтиды. Студенттер білім берудегі	6	5	Педагогика	Педагогикалық тәжірибе

		көшбасшылықтың рөлін, мұғалімнің оқытуды басқарудағы ұстанымы мен күзіреттіліктерін анықтайды. Диалогтық оқыту, дарынды және талантты балаларды оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, цифрлық технологияларды қолдану қағидаттарына негізделген заманауи стратегияларды сыни тұрғыдан талдайды. Курс студенттерге STEM-және Smart-білім беруді тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, жасанды интеллект жүйелер тетіктері мен қосымшаларын зерттеп, әзірлейді.				
4.	Педагогикалық шеберлік	Бұл курс студенттерде қалыптастырады: мұғалімнің кәсіби қызметінің тұтас құрылымы, оның жеке басы туралы; кәсіби-педагогикалық шеберліктің мәні, мазмұны және ерекшелігі туралы; Педагогикалық шеберлік негіздерінің құрылымдық құрамдас бөліктері: педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника және педагогикалық ықпал ету құралдары, театр педагогикасы мен шешендік өнер элементтері туралы білімді. Педагогикалық қызметті педагогикалық және азаматтық сананы дамыту, студенттердің шығармашылық және жеке өсуінің шарты ретінде түсіну және қабылдау. Сондай-ақ, бұл курс мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде өзінің кәсіби өсуі мен жеке дамуының траекториясын жобалаудың педагогикалық техникасы мен дағдыларын практикалық игеруге ықпал етеді.	4	6	Педагогика	Өндірістік тәжірибе
5.	Химия және биологияны оқытудағы кибер-технологиялар	Курс тиімді оқыту мен оқу үшін сандық әдіснамаларды шығармашылық тұрғыдан дайындауға және қолдануға бағытталған. Студенттер оқу, оқыту және бағалау үшін сандық платформалар мен құралдарды (Quizizz, PadLet, Google.classroom, AR-books) қолдануға машықтанады, сонымен қатар, "face-to-face", "blended" және "online" оқыту стратегияларын сауатты ұштастырады, төрт кезеңді процеске (жобалау/салукұрастыру/оқу/қайта қарау) сәйкес онлайн-курстың мазмұнын ұйымдастырады, құрылымын жобалайды және әзірлейді. Курс студенттерге қолайлы және қауіпсіз оқу ортасын жасау үшін онлайн-студенттердің табиғаты туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.	5	6	Педагогика	Химиялық технология
6.	Педагогикалық тәжірибе	Тәжірибе студенттердің пән бойынша оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу; орта білім	6	6	Білім берудегі жаңа технология	Өндірістік тәжірибе

		берудің жаңартылған мазмұнының талаптарына сәйкес білім беру мекемесіндегі жұмыс бойынша тиісті құжаттаманы рәсімдеу бойынша практикалық дағдылар мен икемділіктерін қалыптастыруға арналған. Студенттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы және қауіпсіз ортаны ұйымдастырады және заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды қолдана отырып дидактикалық материалдар жасайды.				
7.	Өндірістік тәжірибе	Тәжірибе орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді кірісуіне бағытталған. Тәжірибе барысында студенттер оқу сабақтарын өз бетінше өткізуге және талдауға арналған практикалық дағдыларды дамытады. Студенттер оқытудың заманауи стратегияларын (сыни тұрғыдан ойлау, сыни бағалау, басқалары), инновациялық білім беру технологияларын тәжірибеде белсенді қолданады. Сонымен қатар, студенттер тәжірибе жүзінде соңғы біліктілік жұмысының тандалған тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізеді.	15	7	Педагогикалық тәжірибе	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
8.	Компьютерлік химия	Курста HyperChem бағдарламасымен химиялық қосылыстардың құрылысы, реакциялық қабілеттері мен қасиеттері сипатталады. Студенттер HyperChem бағдарламасының көмегімен химиялық заттардың формулалары құрастырады және моделдейді, атомдардың қасиеттерін сипаттайды. Курста қарастырылатын тақырыптар: Химияда компьютерлік бағдарламаларды қолдану (HyperChem). Атомдар мен молекулаларды өңдеу және суреттеу негіздері. Орташа молекулалардың 2-D және 3-D суреттерін жасау. Молекулалардың қозғалысы, айналуы және масштабталуы. Молекулалық құрылымдардың қасиеттерін өлшеу. Ішкі жиындарды таңдау және көрсету. Үлкен молекулалармен жұмыс істеу.	5	8	Білім берудегі жаңа технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптендіру пәндер циклі Таңдау компоненті						
1.	Мектепте химиялық экспериментті жүргізу әдістемесі	Курста студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін химияны оқытуда экспериментті жүргізу әдістері қарастырылады. Студенттер химиялық эксперимент жүргізу арқылы танымдық мәселелерді шешіп, жорамалдар ұсынады. Химиялық	6	8	Білім берудегі жаңа технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау

		зертхананың типтік жабдықтары мен аспаптарында жұмыс істеу дағдыларын көрсетеді. Курс мазмұны: Танымдағы эксперименттің рөлі. Химияны оқыту жүйесіндегі көрнекілік тәжірибелер, зертханалық және практикалық сабақтар. Мектептегі химия кабиенетінің құрал-жабдықтары. Қажетті реактивтер мен құралдар жиынтығы. Мектеп химия курсының оқу жоспарында қарастырылған зертханалық тәжірибелер мен тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру және жүргізу.				немесе кешенді емтихан тапсыру
	Мектепте экологиялық мониторинг ұйымдастырудың методологиялық негіздері	Аталған курс мектепте экологиялық мониторинг ұйымдастырудың методологиялық ерекшелігіне талдау жасауға бағытталған. Курс студенттерге ғылыми дүниетанымды қалыптастыру мен дамыту жолдарымен танысуға мүмкіндік береді. Студенттер мектепте экологиялық білім және тәрбие берумен қатар қоршаған ортаның мониторингін жасап, экологиялық мониторингтің жіктелуін жүйелі сипаттайды. Студенттер қоршаған орта сапасын бағалау критерийлерін жасайды, қоршаған ортадағы және адамның ауыл шаруашылық қызметіндегі өзгерістердің себептеріне байланысты химиялық -экологиялық құбылыстардың мәнін зерттейді.				
2.	Биологиялық эксперименттер жүргізу және есептер шығару әдістемесі	Курс зерттеудің статистикалық және балама әдістерін қолдана отырып, биологиялық тәжірибе жүргізу ережелеріне сәйкес мектептегі биологиялық тәжірибені қою және молекулалық-генетикалық есептерді шешудің практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, студенттер биологиялық экспериментті жүзеге асыру процесін қисынды түрде ұйымдастырады, табиғи нысандарды анықтайды, биологиялық құбылыстарды бақылайды, тіркейді және тәжірибеден өткізеді. Курс биометриялық деректермен жұмыс істеу, нәтижелерді талдау және графикалық өңдеу дағдылары мен икемділіктерін жетілдіруге ықпал етеді.	5	8	Білім берудегі жаңа технологиялар	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі	Бұл курс биология бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытуға арналған. Курс студенттердің ғылыми дүниетанымын және жаратылыстану-ғылыми ойлауын қалыптастыру мен дамытуға, оқушыларды зияткерлік-шығармашылық қызметке тарту тәсілдерін, оқушылардың шығармашылық идеяларын ұсыну				

		және іске асыру әдістерін игеруге ықпал етеді. Студенттер сандық және сапалық зерттеу әдістерін қисынды қолдана отырып, биология бойынша ғылыми жұмыстар мен жобалар жасайды, ал курс соңында студенттер ғылыми жобаларды талаптарға сәйкес дайындайды және ұсынады.				
--	--	--	--	--	--	--

4.3 «Химия-Биология» білім беру бағдарламасының модульдері бойынша меңгерілетін несиелер көлемінің жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгеретін пәндер саны	Оқылатын пәндердің саны			Кредит саны									Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Оқу тәжірибесі	Оқу-тану тәжірибесі	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе	Қортынды аттестация	Барлығы кредит саны	Емтихан	Сынақ
1	1	7	5	2		30								30	6	1
	2	7	5	2		29		2						31	8	1
2	3	7	2	4	1	32								32	6	1
	4	5	1	1	3	26	2		2					30	6	1
3	5	6		5	1	30								30	6	
	6	5		3	2	25				6				31	6	
4	7	1									15			15	1	
	8	4		2	4	30	1					2	8	41	7	
Барлығы		42	13	19	10	202	3	2	2	6	15	2	8	240	46	4

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды мемлекеттік аттестация** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

Бағалау жүйесінің кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша баға	Анықтамасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74			
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	D	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E	Біліммен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Біліммен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды

1 ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Цикл программы: Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК / ОРК

Присуждаемая степень: Бакалавр

Общий объем кредитов: 240 академических кредитов / 240 ECTS

Срок обучения 4 года

1.1 Область применения

Образовательная программа 6В01510-Химия-Биология высшего образования разработана в соответствии с Типовым учебным планом ОП, классификатором специальностей высшего образования (бакалавриат), профессиональным стандартом педагога, Дублинскими дескрипторами, согласованными с Европейской рамкой квалификаций.

Требования по приему обучающихся на образовательную программу определены Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования РК.

Абитуриенты, поступающие на образовательную программу, сдают Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Возможность дальнейшего продолжения обучения – магистратура по направлению 7М015- «Подготовка учителей по естественнонаучным предметам».

Присуждаемая степень: бакалавр образования по ОП 6В01510-Химия-Биология

1.2 Цели образовательной программы

Основная цель образовательной программы подготовки бакалавров по ОП 6В01510– Химия-Биология: подготовка профессионально-квалифицированных учителей химии и биологии.

1.3 Задачи образовательной программы:

- формирование фундаментальных знаний, умений и навыков в области химических и биологических наук, необходимых в профессиональной деятельности;
- подготовка учителей компетентных в понимании целей и задач химико-биологического образования, профессионально квалифицированных и способных к высоким личностным достижениям;
